

«Ақмола облысы Білім басқармасының Біржан сал ауданы бойынша білім беру бөлімінің Еңбекшілдер ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ қызметі туралы есеп Біржан сал ауданының 2024 жылға мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша

## 1. Жалпы ережелер

1) **көрсетілетін қызметті берушілер туралы мәліметтер:** Біржан сал ауданының жергілікті атқарушы органдарының 2024 жылға арналған мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі қызметі туралы есебінде (бұдан әрі – есеп) ауданның жергілікті атқарушы органдарымен, «Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ» КММ ММ көрсетілген мемлекеттік қызметтер бойынша мәліметтер енгізілген»

2) **мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат:** мемлекеттік көрсетілетін қызмет-көрсетілетін қызметті алушылардың өтініші бойынша немесе өтінішінсіз жеке тәртіппен жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі;

- Мемлекеттік қызметтер: Біржан сал ауданының «Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ» КММ 8 қызмет түрін көрсетеді.

- "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы арқылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің саны 0 қызмет түрі,

- ЭҮП электронды түрде көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің саны 11 қызмет түрі.

- қағаз нұсқада көрсетілген мемлекеттік қызметтер саны 7 қызмет түрі.

- Ақпараттық жүйелер арқылы электрондық нұсқада көрсетілген мемлекеттік қызметтер саны 3 қызмет түрі.

2024 жылдың қорытындысы бойынша көрсетілген мемлекеттік қызметтер саны \_\_\_\_\_ құрады: - Мемлекеттік корпорация арқылы - 0; - электрондық түрде - 14(ЭҮП Ақпараттық жүйелер); қағаз нұсқасында арқылы -7 қызмет.

3) **неғұрлым сұранысқа ие мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат.**

*"Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау".*

## 2. Қызмет алушылармен жұмыс

1) Мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратқа қол жеткізу көздері мен орындары туралы мәліметтер.

Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі туралы ақпаратты Мемлекеттік қызмет көрсететін бөлімнің стендтерінен алуға болады. «Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ» КММ сайтында <http://sc0015.birzhansal.aqmoedu.kz/> Instagram және Facebook парақшаларында, сондай-ақ Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығының телефондары бойынша 1414.

2) мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілердің жобаларын жария талқылаулар туралы ақпарат.

Жария талқылау үшін мемлекеттік органның қызметі туралы есеп сайтта «Еңбекшілдер ауылының ЖОББМ» КММ веб - порталында, жергілікті атқарушы органның интернет ресурсында орналастырылады, онда әрбір тұрғын есептерді қарап, түсініктемелер қалдыра алады.